

ҚАУЛЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Іздестіру жұмыстары үшін жер учаскесін пайдалануға арналған рұқсатты беру

Рұқсат беруі құжаттың нөмірі: KZ87VBM03593680

Берілу күні: 24.07.2026

Осы рұқсат берілді: "West Precaspian Company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БСН: 200940010269

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 17, 43, 71 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабына сәйкес, «West Precaspian Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі Мурзағалиеваның 2026 жылғы 13 шілдедегі «Е-лицензиялау» веб порталымен жіберген сұранысы негізінде аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «West Precaspian Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Миялы ауылдық округі аумағында орналасқан жалпы алаңы 1430 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, №WPC-5 барлау ұңғымасына іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін 2028 жылдың 22 тамызына дейінгі мерзімге рұқсат берілсін.
2. «West Precaspian Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жерді пайдалануда «Жер Кодексінің» 140 бабын басшылыққа алып, заңдылықтарын сақтау және жұмыс мерзімі аяқталған соң жерді техникалық өңдеуден өткізіп, жер пайдаланушыларға тиісті құжаттар арқылы тапсыру ұсынылсын.
3. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің осы салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енгізілсін.

Аудан әкімі

А. Купенов

Мерзімге дейін пайдалану: 22.08.2028

Әкім Купенов Айбек Мураткалиевич



